



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

№ 192-НҚ

2024 жылғы 30 желтоқсан
Астана қаласы

30 декабря 2024 года
город Астана

**Педагогтерді лауазымға тағайындау
жөнінде конкурс өткізу туралы**

«Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымнан босату қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 21 ақпандағы №57 бұйрығының 3-тарау., 1-параграфы негізінде
БҰЙЫРАМЫН:

1. Астана қаласы әкімдігінің «№98 мектеп-лицей» КММ келесі педагог лауазымының бос және (немесе) уақытша бос орындарына конкурс жариялансын.

2. Конкурсты өткізу мерзімі 2024 жылғы 27 желтоқсан мен 2025 жылғы 10 қаңтар аралығы болып бекітілсін.

3. Конкурсқа құжаттар қабылдау мерзімі 2024 жылғы 27 желтоқсаны мен 2025 жылғы 10 қаңтар аралығы болып бекітілсін.

4. Конкурстық комиссия отырысы 2025 жылғы 18 қаңтарда өткізілсін.

5. Конкурстық комиссияның отырысы хаттамамен рәсімделіп, шешімі мектеп басшысына ұсынылсын.

6. Конкурсқа қатысуға ниет білдірген кандидаттардың құжаттары қабылдансын.

7. Құжаттарды қабылдау мерзімі конкурс өткізу туралы хабарландыру соңғы жарияланғаннан кейін келесі жұмыс күнінен бастап есептеліп, жеті жұмыс күні ішінде жүргізіледі.

8. Педагог лауазымының бос және (немесе) уақытша бос орны болған жағдайда бұл орындарға конкурс өткізу туралы enbek.kz сайтында, мектептің сайтында және өзге де әлеуметтік желідегі аккаунтарында хабарлама жарияланып, конкурс өткізу жұмыстары жүргізілсін.

9. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Директор



Г.Оспанова